

Мұхтар Мағауин

ЖОБАЛАЙ БИ

Кесене ашылардағы сөз – 12. VIII. 2000, Дағандел.

Біз бүгін есімі рулы елдің ұранына айналған атақты Жобалай бидің басында тұрмыз. Би-Атаға мұнажат етіп, өткенімізге тәuba айтып, болашақтан тілеу тілеп, аруақтан медет сұрап тұрмыз. Мынау сәулетті көк күмбез – бүгінгі ұрпағының Жобекене деген құрметінің бір ғана көрінісі, осы біздің бәріміздің ұлы бабамыздың алдындағы борыш-қарышымыздың кішкентай ғана бөлшегі. Өйткені Жобалай би болмаса, біздің бүгінгі тіршілігіміздің жөні де басқашарақ болар еді.

XVIII ғасырдың соңғы жылары – Абылай хан дүниеден көшкеннен соңғы бұлынғыр заман – қазақ халқының сан мың жылдық тарихындағы бетбұрыс әрі құрделі кезең болды. Ұлысымыздың шаңырағы шайқалды, ежелгі мемлекетіміз ыдырады. Елдің елдігін жоғалтпау, халықтың құтын сактау, ұрпактың өмірін ұзарту – бір сөзben айтқанда қазақ жұртының болашақ тағдыры рубасы билер мен жекелеген төрелердің қолына көшті. Халқымыздың тағдыры қыл үстінде тұр еді. Алайда ұлы бабаларымыз – дана билер мен кеменгер төрелер, ту ұстаған батырлар тарих алдындағы міндептін абыраймен атқарып шықты. Орталық – хандық өкіметтің жоқтығына қарамастан, халық алдындағы көкейкесті мәселелердің барлығын да ұлыстың ұлы мұддесі, мәңгілік мұраты тұрғысынан шешті. Бірлік бұзылмады, ынтымақ ірімеді, алаш жұртының ғұмыры келесі дәуірлерге жалғасты.

Осы орайда біздің қауым, ескіше айтқанда Орта Жұз, абақ керей ежелгі түрік жұртының құт мекені, енді ойрат табанынан біржола босатылған Жонғар тарабына сол Абылай ханының заманында, ұлы ханың өзінің тікелей нұсқауымен түп көтеріле қоныс аударған еді. Біздің тікелей аталарымыз – абақ ішіндегі жаставан Ерен-Қабырганың етегіне, Майлы, Жайыр алқабына, Еміл өзенінің бойына орнығыпты. Елді бұл өнірге Ер-Жәнібекпен бірге бастап барған – Бәйсейіт би еді. Бәйсейіттің есімі тарихта таңбаланған. Ол 1742 жылы қазақтың Уш Жұзінің ең беделді ел ағаларының қатарында Ресей өкіметімен арадағы достық және ынтымақ туралы келісімге абақ керей атынан қол қойған кісі. Жобалай би осы аруақты Бәйсейіт бидің бел баласы. Ел әнгімелерінің айтуынша, он екі жасында билік айтЫПты, он сегіз жасында өкім алған. Бұл кезде Шығыс Түркстандағы жағдай өзгере бастаған, күн озған сайын Қытай империясының шенгелі тарыла түскен еді. Сондықтан халықтың белгілі бір тобында ата жүртқа – қалың қазақ ортасына қайтып оралу туралы мәселе көтеріле бастайды. Ақыры, 1786-87 жылдар шамасында жаставанның бір бөлігі – begimbet аталатын әulet түгелге жуық ірге көтеріп, біздің бүгінгі қонысымызға келіп орнықкан екен – Шыңғыстаудың Сырты, Бақанас өзенінің бойы, Дағандел өнірі.

Жобалай атамыз өзі бастап келген осы елдің биі болды, қамқоры, қорғаны болды, пірі болды. Көзінің тірісінде әулие танылған ұлы бабамыз бүкіл Орта Жүзде зор беделге жетті. Шығыста қалың найман, терістікте туыстас тобықты, батыста қара нор қаракесек бел орталарына келіп қоныстанған азғана қауымды өздерімен тепе-тен ұстады, ру-аралық талас, зорлық-зомбылық болмады, алаш жұртының хандық замандағы береке-бірлігі бұзылмады, құтты мекенде өстік, өндік, мал-жанымыз әуелгі қонысқа сыймай, қанатымыз кенге жайылып, Шыңғыстаудың түстік етегінен Кек теніздің терістік жағасына дейін, Кексаланың өзенінен Дағанделдің басы – Кекшениң тауына дейінгі, Еуропаның кіші-гірім бір мемлекеті сыйып кететін құйқалы, байтақ жерді еркін жайладық. Осының бәрі – ең алдымен аруақты Би-Ата – Жобалайдың ақыл-парасаты, қажыр-қайраты, епті саясаты арқасында мүмкін болған еді. Би-Атамыздың қазақ жұртындағы абырай-атағының күштілігі сондай, біздің ел Жобалай керей атанып кетті. Бұл – арғы тарихта ғана болған, бергі заманда мүлде ұшыраспаған өзгеше жағдай. Жобалай өнегесі, Жобалай салған жол, Жобалай айтқан билік – кейінгі ұрпағын, мына бізді бүгінгі заманға жеткізіпті. Анық ақиқаты осы.

Жобалайдан соң билік Томан биге көшеді. Әділ болды, кеменгер болды. Томан қартайғанда ел тұтқасын Бойғотан биге – Бабаңа тапсырып кетті, Бабаң көзі тірісінде әулие танылды. Көне заманның ең соңғы сарқыты Бабаңнан соң ел билігі Ресейдің отарлық тәртібі дүниеге әкелген болыстық жүйеге көшеді. Бірақ Жобалай қалыптастырыған, Томан нығайтқан, Бабаң бекіткен жол-жора бұзылмайды. Елдің береке-бірлігі шайқалмады, рухы басылмады, өнері өрістеді. Майталман қүйшілер қалыптасты, ағынды ақындар туды, сөз өнері дамудың өз заманындағы биік деңгейіне жетті. Жалғыз болған жоқ, тұйық болған жоқ, әуелі таяу төнірегімен, содан соң бар қазақпен жараптық тапты. Соның бір ғана ұшығы – бүгінгі біз екенбіз.

Абай атамың айтқаны бар, өзіміздің карттардан жеткен. Дағанделдегі Керей – үш мың үй, үш болыс болып отырар еді, бірақ ағайын алыстамасын деп, тұтастығын бұзбады деген. Жобалай салған жол. Біздің жұрт Совет өкіметі орнап, колхоздасу қарсаңында он үш мың жан екен. Нақтылап айтсақ, 1926 жылғы санақ бойынша, Дағандел-Керей болысында 12 700 кісі болған. Төңкерістен соңғы ақ пен қызылдың өзара қырқысы кезінде қорлық пен зорлыққа шыдамай, қолына қару алған жұртымыз советтік жаңа тәртіпке де көнбеді, осы кезеңдегі Шұбартау көтерілісі, кеудесі биік халықтың совет өкіметін құлатып, өз тарабынан хан сайлап, ақыр түбі аяусыз қырғынға ұшырауы – қазақ тарихындағы өзгеше құбылыс. Бұдан соңғы галамат ашаршылық – жұртымызды біржола тұралатып кетті. Одан соңғы... одан соңғы... тағы қаншама зобалаң. Ақыры бүгінгі халық ауған, жұрт тозған күнді де көріп отырмыз. Бірақ елдің – қалың қазақтың іргесі бүтін, тәуелсіздікке жеттік дәп отырмыз, түптеп келгенде, “Орнында бар оңалар” деген сөзге жүгінеміз. Сол, оңала бастағанымыздың айқын көрінісі – бүгінгі – ат шапқан, қазан асылған ұлы дүбірлі ас, Би-Атамыздың көне күмбезінің қайта жаңғыруы.

Аруағың асқақтай берсін, Би-Ата!

Сенің ұрпағың – бір ауыл, бір аймақ емес, бүгінгі барлық қазақ. Сенің бір атанаң баласына жасаған еңбегің – бар қазаққа, бүкіл Алашқа тиесілі. Сенің, сен сияқты ұлы бабалардың шапағаты арқасында тұтін тұтеттік, ту тіктік, ел болдық.

Мана менің Сөз сараптап, қалам ұстауым да ең алдымен сенің арқан, аруағыңдан айналайын Би-Атам!

2000.